



**«МОЛОДЕЖНАЯ ПРАКТИКА»**

## **«Жастар практикасы» бағдарламасы**

Оқу орнын аяқтағаннан кейін жұмыс тәжірибесіне ие болу үшін мемлекет **он екі айлық** жастар практикасын өтуді көздейді.

Диплом алған түлек (29 жасқа дейін) өз қаласының (аудан) әкіміндегі жұмыспен қамту орталығына барады. Жұмыспен қамту орталығы аталмыш мамандардың біріңғай базасын қалыптастырады және жұмыс беруші компаниялардың арасындағы дипломдық бағыт бойынша бағдарламалардың қатысушыларын бөледі.

Жұмыспен қамту орталығы түлектермен **он екі айға** еңбек шартын жасайды. Жұмыс күні ҚР еңбек заңнамасы бойынша еңбек шарттарына сәйкес анықталады.

Жастар практикасына бағытталған бағдарламаларға қатысушылардың ай сайынғы төлемі **30** айлық есептік көрсеткіштерді (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек

демалысы үшін өтемақылар және банк қызметтерін шегерусіз) құрайды.

Егер беруші практика кезінде сізді өз компаниясы үшін сай келеді деп таныса- ол сізді тұрақты жұмысқа қабылдауға құқылы. Жас маман үшін бұл нұсқа неғұрлым қолданылымды, осыған қарамастан практикада өзінді және өзіңнің кәсіби дағдыларыңды көрсету қажет екендігін естен шығармаңыз.

Бағдарлама алынған мамандық бойынша түлектердің бастапқы жұмыс практикасын арнайы алуына арналған.

### **Бағдарламаға қатысу үшін түлекке мыналар қажет:**

1. Өз қалаңыздың немесе ауданыңыздың әкімдігі жанындағы Жұмыспен қамту орталығына жүгіну

(Желтоқсан к-сі,78);

2. Жұмыссыз ретінде тіркелу (жасы 29-дан артық емес);

3. Құжаттарды беру:

- Жеке басын куәләндыратын құжаттың көшірмесі;
- Еңбек кітапшасының көшірмесі;
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі.

Бұдан басқа, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде кәсіптік білім беру оқу орындарының базасы қалыптастырылады және «Электронды еңбек биржасы» порталы құрылды.